

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
АЛМАТЫ АУДАНЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
2018 ж. 02. 09 санды  
Тұрғын үй-жайлық тіркеуден қайта өткізілді  
№ 1062-18-10-02-АД куәлік  
Алғашқы тіркелген күні 1998 ж. 05. 03  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАЛИНСКОГО РАЙОНА  
произведена государственная перерегистрация  
юридического лица 06. 09 2018 г.  
свидетельство № 1062-18-10-02-АД  
Дата первичной регистрации « 05 » 03 2018  
БСН/БИН 980340002683

Бекітілген  
«Жетісу Капитал» АҚ  
Жалғыз акционердің  
16.02.2018 ж. Шешімімен

«ЖЕТИСУ КАПИТАЛ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ

Алматы, 2018 ж.

## **1. Жалпы ережелер**

1. «Жетісу Капитал» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан орнын, қалыптасу тәртібін және оның органдарының құзыреттілігін, қайта ұйымдастыру шарттарын, сонымен бірге қызметін тоқтатуларын және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамаларына қарсы келмейтін ережелерді анықтайды.

2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, жауапкершілік жүктей алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

3. Қоғам оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзінің атауы мен басқа да деректемелері бар бланкттерге ие.

4. Қоғам өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының басқа да нормативті құқықтық актілерін, сонымен бірге осы Жарғымен жетекшілік етеді.

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғы капиталдарына қатысуға құқылы.

6. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған тәртіпте қоғам заңды тұлға болып табылмайтын және Ережелер негізінде қоғамның тапсырмасы бойынша және қоғамның атынан әрекет ететін, оның орналасу орнынан тыс филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

## **2. Қоғамның атқарушы органының атауы және орналасқан орны**

7. Қоғамның толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «Жетісу Капитал» Акционерлік Қоғамы;
- 2) орыс тілінде: Акционерное Общество «Жетысу Капитал»
- 3) ағылшын тілінде: Joint Stock Company «Zhetysu Capital»

8. Қоғамның қысқартылған атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «Жетісу Капитал» АҚ
- 2) орыс тілінде: АО «Жетысу Капитал»
- 3) ағылшын тілінде: JSC «Zhetysu Capital»

9. Қоғамның атқарушы органының орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 115/96.

## **3. Қоғам қызметінің түрлері**

10. Қоғамның негізгі қызметі:

- 1) Инвестициялық қызмет;
- 2) маркетингтік қызмет, менеджмент, франчайзинг, шаруашылық субъектілерінің активтерін басқару;
- 3) жобаларды қаржыландыру;
- 4) коммерциялық негізде іскерлік кездесулерді, симпозиумдарды, жиындарды ұйымдастыру және өткізу және делдалдық қызмет, заңды және жеке тұлғаларға ақылы қызметтер көрсету, соның ішінде консультациялық, ақпараттық, тұрмыстық, көліктік, туризмді және басқа да сервистік қызмет көрсету түрлерін ұйымдастыру;

- 5) Қазақстан Республикасында және шетелде кез келген мүлік түрлерін сатып алу және шеттету, құрылысшы немесе жалға алушы құқығымен жер телімдерін алу, сондай-ақ құрылыстарды немесе жекелеген үй-жайларды салу, жалға беру;
- 6) шикізаттық, ауыл шаруашылық, өнеркәсіптік тауарлармен және жартылау фабрикаттармен, екіншілік шикізаттармен, машиналармен және жабдықтармен, азық-түлік тауарларымен, отын және құрылыс материалдарымен, басқа да тауарлармен, олардың туындылы тауарлармен сауда-саттық жасау және көтерме, бөлшек сауданы қоса алғанда, сауда саласындағы делдалдылық;
- 7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет;

Қоғам өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы, соның ішінде:

- 1) делдалдық;
- 2) мүлікті жалға беру және/немесе алу, пайдалану және/немесе сенімді басқаруға өткізу;
- 3) мүлікті сенімді басқару бойынша қызметтер;
- 4) тапсырыс шарты және/немесе комиссиялар бойынша сенімді тұлғаның және/немесе комиссионердің қызметтері;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге кәсіпкерлік қызмет түрлері.

#### **4. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері**

11. Қоғам акционері құқылы:

- 1) қоғам жарғысымен және Заңмен қарастырылған тәртіпте қоғамды басқаруға қатысуға;
  - 2) дивидендтер алуға;
  - 3) қоғамның қызметтері туралы ақпараттар алуға, оның ішінде қоғамның жарғысымен немесе акционерлердің жалпы жиналысымен анықталған тәртіпте қоғамның қаржылық есептерімен танысуға;
  - 4) құнды қағаздарға оның меншік құқығын растаушы атаулы ұстаушыдан немесе қоғамның тіркеушісінен көшірме алуға;
  - 5) қоғамның директорлар кеңесіне сайлану үшін акционерлердің жалпы жиналысына кандидатура ұсынуға;
  - 6) қоғам органдарымен қабылданған шешімдерге соттық тәртіпте қарсы болуға;
  - 7) қоғамның басқа акционерлерімен бірлесіп бес немесе одан да көп пайыздарымен дауыс беруші акцияларына ие болған жағдайда Заңмен қарастырылған жағдайларда өз атынан қоғамның лауазымды тұлғаларымен қоғамға келтірілген шығындарды өтеу және келісімдер жасауда қызығушылықтары бар келісімдер және (немесе) ірі келісімдер жасау туралы шешімдер (тұжырымға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде лауазымды тұлғалармен және (немесе) олардың үлестес тұлғаларымен алынған табыстарды (түсімдерді) қайтару талабымен сот органдарына жүгінуге;
  - 8) қоғамның қызметі туралы жазбаша сұранымдармен қоғамға жүгінуге және қоғамға сұраным түскен күннен бастап отыз күн ішінде себептемелі жауап алуға;
  - 9) қоғамның таратылу жағдайында мүліктің жартысына;
  - 10) заңнамалық актілермен қарастырылған жағдайларда ғана Заңмен бекітілген тәртіпте оның акцияларында конверсияланатын қоғам акцияларын және басқа да құнды қағаздарын басымдықпен сатып алуға;
  - 11) Заңмен қарастырылған тәртіпте акционерлердің жалпы жиналысында қоғам акцияларының санын өзгерту немесе оның түрлерін өзгерту туралы шешімдерін қабылдауда қатысуға.
12. Сонымен бірге, ірі акционер құқылы:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шақырылымын талап етуге немесе акционерлердің жалпы жиналысының шақырылымында директорлар кеңесінің бастарту жағдайында шақырылым талабымен сотқа жүгінуге;

2) Заңға сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды қосу туралы ұсынуға;

3) директорлар кеңесінің отырысына шақырылым талап етуге;

4) өз есебінен қоғам аудитына аудиторлық ұйымдастырушылықты өткізуді талап етуге.

13. Артықшылықты акциялардың акционер-меншіктенушілері қоғамның жарғысымен бекітілген алдын ала кепілдендірілген көлемде дивидендтерді алуға және Заңмен қарастырылған тәртіпте қоғамды тарату жағдайында мүліктің жартысына қарапайым акциялардың акционер-меншіктенушілерінің алдында басымырақ құқыққа ие.

14. Қоғамның акционері міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушысын және қоғамның тіркеушісін он күн ішінде қоғамның акция ұстаушылары тіркелімінің жүйелерін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгерістері туралы хабарлауға;

3) қызметтік, коммерциялық және заңмен күзетілетін құпиядан құралатын қоғам туралы немесе оның қызметі туралы ақпаратты жарияламауға;

4) Заңға және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.

## **5. Қоғам органдары және олардың құрылу тәртіптері**

15. Қоғамның органдары болып табылады:

1) жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы (қоғамда, бір акционерге тиесілі барлық дауыс беруші акциялар, - осы акционер);

2) басқару органы – директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган – атқарушы органның қызметтерін жеке орындаушы басқарма немесе тұлға (атқарушы директор).

16. Акционерлердің бірінші жалпы жиналысында қоғам директорларының кеңесі сайланады. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және қоғамның жарғысымен қарастырылмаған жағдайда шексіз мәрте қайта сайлана алады.

Директорлар кеңесінің өкілдік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысында бекітіледі. Директорлар кеңесінің өкілдік мерзімі директорлардың жаңа кеңесін сайлау өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні аяқталады.

Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілдіктерін уақытынан бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілдігін уақытынан бұрын оның бастамасымен тоқтату директорлар кеңесін жазбаша ескерту негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілдіктері директорлар кеңесі аталған ескертуді алған күннен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілдіктерін уақытынан бұру тоқтату жағдайында директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған жиынтықты дауыс берумен жүзеге асырылады, сонымен бірге директорлар кеңесінің қайтадан сайланған мүшесінің өкілдігі директорлар кеңесі өкілдігінің мерзімі толық өткен күнмен бір уақытта өтеді.

17. Директорлар кеңесі сандық құрамды, атқарушы органның өкілдік мерзімін, оның жетекшісін және мүшелерін (атқарушы органның қызметтерін жеке жүзеге асырушы тұлғалар), сонымен бірге олардың өкілдіктерінің уақытынан бұрын тоқтатуын анықтайды.

## 6. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреттіліктері

18. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыреттіліктеріне келесі сұрақтар жатады:

1) қоғамның жарғысына өзгерістер мен қосымшалар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сонымен бірге оны қабылдау жағдайында өзгерістер мен қосымшаларды бекіту;

3) ерікті түрде қайта құру немесе қоғамды тарату;

4) қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту немесе жарияланған акцияларының санын арттыру туралы шешім қабылдау;

5) қоғамның құнды қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртіптерін анықтау, сонымен бірге оларды өзгерту;

6) қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын құнды қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) орналастырылған акциялардың бір түрін басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттары мен тәртібін анықтау;

8) шоттық комиссияның өкілдік мерзімін және сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілдіктерін уақытынан бұрын тоқтату;

9) сандық құрамын, директорлар кеңесінің құзыреттілік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың құзыреттіліктерін уақытынан бұрын тоқтату, сонымен бірге директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау;

10) қоғамның аудитын жүзеге асырушы аудиторлық ұйымдарды анықтау;

11) жылдық қаржы есебін бекіту;

12) есептік қаржылық жылға қоғамның таза табысын тарату тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір қарапайым акциясына есептеуде дивидендтің мөлшерін бекіту;

13) Заңмен қарастырылған жағдайлар туындаған кезде қарапайым және қоғамның артықшылық берілген акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;

14) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

15) қоғамға тиесілі барлық активтерінің жиырма бес және одан да көп пайыздарын құрайтын сомада активтердің бірнеше бөліктерін немесе жартысын беру жолымен қоғамды құруда немесе басқа заңды тұлғалардың қызметтерінде қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;

16) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлер қоғамын ескерту түрін анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;

17) Заңға сәйкес қоғаммен акцияларды сатып алу кезінде акциялардың құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер әдістеме құрылтайшылар жиналысымен бекітілмеген болса, әдістемені бекіту);

18) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

19) акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпараттарды ұсыну тәртібін анықтау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралын анықтау, егер ол қоғам жарлығында анықталмаған болса;

20) «алтын акцияларды» енгізу және жою;

21) басқа да сұрақтар, шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының тікелей құзыреттілігіне Заңмен және қоғамның қаулысымен жатқызылған болса.

19. 1)-4) және 17) тармақшаларында көрсетілген сұрақтар бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан

білікті көпшілікпен қабылданады, ал инвестициялық жекешелендіру қорында түрлендіру нәтижесінде құрылған қоғамда – жиналыста ұсынылған қоғам акцияларының білікті көпшілікті дауыс беруші акциялары.

20. Басқа да сұрақтар бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері дауыс беруде қатысушылардың қоғамдағы акцияларының дауыс берушінің жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады, егер Заңмен және қоғам жарғысымен басқасы қарастырылмаса.

## **7. Директорлар кеңесінің құзыреттілігі**

21. Директорлар кеңесінің айрықша құзыреттілігіне келесі сұрақтар кіреді:

- 1) қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешімдерді қабылдау;
- 3) орналастыру (іске асыру), оның ішінде жарияланған акциялардың саны шектеулерінде орналастырылатын (іске асырылатын) акциялардың саны, орналастыру (іске асыру) тәсілі мен олардың бағасы туралы шешімді қабылдау;
- 4) қоғамның орналастырылған акцияларын немесе өзге құнды қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешімді қабылдау;
- 5) қоғамның жылдық қаржы есебін алдын-ала бекіту;
- 6) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 7) қоғамның облигациялары мен ерікті құнды қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сондай-ақ олардың шығарылымы туралы шешімдерді қабылдау;
- 8) атқарушы органның құзыреттілік мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның басшысы мен мүшелерін (атқарушы органның қызметін бірыңғай іске асыратын тұлғаларды) сайлау, сондай-ақ олардың құзыреттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) атқарушы орган басшысы мен мүшелерінің лауазымдық окладтарының көлемдерін және еңбек төлемі шарттарын анықтау (атқарушы органның қызметін бірыңғай іске асыратын тұлғаларды);
- 10) ішкі аудит қызметінің құзыреттілік мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың құзыреттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс жасау тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбек төлемі мен сыйақы көлемдерін және шарттарын анықтау;
- 11) корпоративтік хатшының құзыреттіліктерін тағайындау, мерзімін анықтау, оның құзыреттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық оклады көлемі мен сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 12) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғам акциясының төлеміне берілген немесе ірі келісімнің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтер төлемінің көлемін анықтау;
- 13) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсаттарында атқарушы органмен қабылданатын құжаттардан өзге), оның ішінде аукциондарды және қоғамның құнды қағаздарына жазылымдарды өткізу шарттары мен тәртібін айқындайтын, ішкі құжатты бекіту;
- 14) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы және оларға қатысты ережелерді бекіту туралы шешімдерді қабылдау;
- 15) қоғамның өзге заңды тұлғалардағы он және одан да көп акция пайыздарын (жарғы капиталына қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерді қабылдау;
- 16) акциялардың он және одан да көп пайызы (жарғы капиталына қатысу үлестері) қоғамға тиісті, заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларды) жалпы жиналысының құзыреттілігіне кіретін қызмет сұрақтары бойынша шешімдерді қабылдау;

17) жеке капиталының он және одан да көп пайыздарының көлемін құрайтын шамаға қоғамның міндеттемелерін ұлғайту;

18) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны қорғайтын қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

19) ірі келісімдер мен жасалынуында қоғам мүдделікке ие келісімдердің бекітілуі туралы шешімді қабылдау;

20) акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыреттілігіне кірмейтін Заңмен және қоғамның жарғысымен қарастырылған өзге сұрақтар.

Тізімі осы жарғының 20-тармағымен бекітілген сұрақтар атқарушы органның шешімі үшін беріле алмайды.

## **8. Атқарушы органның құзыреттілігі**

22. Ағымдық қызметтің басшылығын атқарушы органмен – басқармамен немесе атқарушы органның қызметтерін жалғыз атқаратын тұлғамен (атқарушы директормен) іске асырылады.

Атқарушы директор Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен және қоғамның жарғысымен өзге органдардың және қоғамның лауазымды тұлғаларының құзыреттілігіне кіргізілмеген, қоғам қызметінің кез-келген сұрақтары бойынша шешімдерді қабылдауға құқылы.

23. Атқарушы органның басшысы:

1) акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен оның қатынастарында қоғамды ұсыну құқығына сенімхатты береді;

4) қоғам қызметкерлерін қабылдауды, орналастыруды және жұмыстан босатуды (Заңмен бекітілген жағдайлардан өзге) іске асырады, оларға марапаттау шараларын қолданады және тәртіптік жазалауларға тартады, атқарушы органның және қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерден өзге, қоғам қызметкерлерінің лауазымдық окладтарының көлемдерін және қоғамның штаттық кестесіне сәйкес окладтарға жеке үстемеақыларды бекітеді;

5) өзінің болмауы жағдайында өз міндеттемелерін атқарушы органның мүшелерінің біріне артады;

6) атқарушы органның мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ құзыреттіліктер салалары мен жауапкершіліктерді бөледі;

7) қоғамның жарғысымен және акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерін іске асырады.

## **9. Қоғам органдарының қызметін ұйымдастыру тәртібі**

24. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы директорлар кеңесімен шақырылады.

25. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы келесілердің бастамасымен шақырылады:

1) директорлар кеңесі;

2) ірі акционер.

Ерікті тарату үрдісіндегі қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы қоғамның тарату комиссиясымен шақырылуы, әзірленуі және өткізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының міндетті шақырылу жағдайлары қарастырылуы мүмкін.

26. Акционерлердің жалпы жиналысын даярлау және жүргізу іске асырылады:

- 1) атқарушы органмен;
- 2) бекітілген шартқа сәйкес қоғамның тіркеушісімен;
- 3) директорлар кеңесімен;
- 4) қоғамның тарату комиссиясымен.

Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, даярлау және жүргізу шығындарын Заңмен бекітілген жағдайлардан өзге қоғам көтереді.

27. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Заңмен бекітілген акционерлердің жалпы жылдық жиналысын шақыру тәртібін қоғам органдарының бұзуы жағдайында, кез-келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша қабылданған соттың шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы, егер қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын жүргізу туралы оның талабын орындамаса, қоғамның ірі акционерінің талап-арызы бойынша қабылданған соттың шешімі негізінде шақырылуы және жүргізілуі мүмкін.

28. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша дауыс беру қорытындылары құзыретті органның (құнды қағаздар нарығында реттеуді және қадағалауды іске асыратын мемлекеттік орган) нормативтік құқықтық актімен бекітілген талаптарына сәйкес келетін, қоғамның [zhetysu-capital.kz](http://zhetysu-capital.kz) корпоративтік сайтында жарияланады.

29. Заңмен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыреттілігіне кіргізілген сұрақтардан өзге, қоғам қызметінің жалпы басшылығы қоғам директорларының кеңесімен іске асырылады.

30. Директорлар кеңесі қоғамның жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыреттілігіне кіретін сұрақтар бойынша шешімдерді, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқысыз.

31. Директорлар кеңесімен қабылданатын шешімдер қатынасында veto құқығы бекітілген сұрақтар бойынша «алтын акция» иегерімен келісілуі тиіс.

32. Қоғамның директорлар кеңесі директорлар кеңесінің 3 (үштен) кем емес мүшелерінен және оның төрағасынан тұрады, олардың әрқайсысы дауыс беру кезінде бір дауысқа ие. Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен бірінен кем емес саны тәуелсіз директорлар болып табылады.

33. Директорлар кеңесін жүргізуге арналған кворум директорлар кеңесі мүшелерінің санынан жартысынан кем емесін құрайды.

Дауыстардың тең түсуі жағдайында директорлар кеңесі төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

34. Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын жүргізу туралы шешімді қабылдауға құқылы.

35. Директорлар кеңесінің шешімдері директорлар кеңесінің қарастыруына шығарылған сұрақтар бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады.

36. Ағымдық қызметтің басшылығы атқарушы орган – басқармамен немесе атқарушы органның қызметтерін жалғыз іске асыратын (атқарушы директормен) тұлғамен іске асырылады.

Атқарушы орган Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен және қоғамның жарғысымен қоғамның өзге органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыреттілігіне кіргізілмеген, қоғам қызметінің кез-келген сұрақтары бойынша шешімді қабылдау құқығына ие.

Атқарушы орган акционерлердің және директорлар кеңесінің жалпы жиналыс шешімдерін орындауға міндетті.

37. Қатынасында veto құқығы бекітілген сұрақтар бойынша атқарушы органның шешімдері «алтын акция» иегерімен келісілуі тиіс.



38. Басқарма мүшелері акционерлер және оның акционерлері болып табылмайтын қоғамның қызметкерлері бола алады.

Басқарма 3 (үштен) кем емес мүшелерден тұрады.

39. Басқарма отырысы қажеттілігіне қарай, алайда жылына бір реттен сирек емес шақырылады. Шешімдер басқарма мүшелерінің дауыстарының қарапайым басымдылығымен қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға осы отырысқа қатысатын басқарманың барлық мүшелері қол қояды.

40. Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды және директорлар кеңесінің төрағасы ретінде сайлана алмайды.

41. Қоғамның қаржы шаруашылық қызметіне бақылау жасау үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін. Оның құрылуы жағдайында ішкі аудит қызметі 1 (бір) мүшеден тұрады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

42. Ішкі аудит қызметі директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

## **10. Акционерлерге және қоғамның лауазымды тұлғаларына олардың үлестес тұлғалар туралы ақпаратты ұсыну тәртібі**

43. Қоғам осы тұлғалармен немесе қоғамның тіркеушісімен (құзыретті органмен бекітілген тәртіпте ірі акционерлер болып табылатын тұлғалардың қатынсында ғана) ұсынылған мәліметтердің негізінде өзінің үлестес тұлғаларының есебін жүргізеді.

44. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен өзге қорғалатын құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестіліктің туындау күнінен бастап жеті күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді қоғамға ұсынуға міндетті.

45. Қоғам бекітілген тәртіпте құзыретті органға өзінің үлестес тұлғаларының тізімін ұсынуға міндетті.

## **11. Қоғамның ақпаратты ұсыну тәртібі**

46. Қоғам өз акционерлеріне Заңға және осы Жарғыға сәйкес қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты мәлімет үшін жеткізеді.

Өз хабарламалары мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті жариялануы тиіс өзге ақпаратты жариялау үшін акционерлік қоғам және оның акционерлері қолдануы тиіс бұқаралық ақпарат құралдары: [zhetysu-capital.kz](http://zhetysu-capital.kz).

47. Акционердің талабы бойынша қоғам акционерге Заңмен қарастырылған құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

48. Акционер ақпаратты алу мақсаттарында қоғамның атқарушы органына жазбаша түрде жүгінеді. Акционердің жүгінуі қоғамның кіріс құжаттарды есепке алу журналында тіркелуі тиіс. Қоғам акционерге жүгіну күнінен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде талап етілетін ақпаратты (талап етілетін құжаттардың көшірмелерін) ұсынуға міндетті.

Құжаттардың көшірмелерін ұсынғандығы үшін төлем көлемі қоғаммен бекітіледі және акционерге құжаттарды жеткізумен байланысты шығындар төлемі және құжаттардың көшірмелерін әзірлегендігі үшін шығындар құнынан аспауы тиіс.

## **12. Қоғамның мүлкі**

49. Қоғамның мүлкі келесілердің есебінен құрылады:

- 1) қоғам акцияларының төлеміне акционерлермен берілген мүлкіктен;
- 2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістерден;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынған өзге мүлкіктен.

### **13. Акциялар, облигациялар. Құнды қағаздарды орналастыру шарттары.**

50. Қоғам қарапайым акцияларды немесе қарапайым және артықшылық берілген акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз түрде шығарылады.

51. Қарапайым акция акционерге дауыс беруге шығарылатын барлық сұрақтарды шешу кезінде дауыс құқығы бар акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімдерінің негізінде қоғамда таза табыс ар кезде дивидендтер алу құқығын, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте қоғамды тарату кезінде қоғамның жарты мүлкін алу құқығын ұсынады.

Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлеу жылдың қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

52. Қоғамның артықшылық берілген акциялары оның иесіне келесі құқықты береді: акционерлер, қарапайым акцияларды ұстаушылар алдында 1 (бір) теңге көлемінде дивидендтер алуға; Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте қоғамды тарату кезінде қоғамның жарты мүлкін алуға басым құқық береді.

Артықшылық берілген акциялар бойынша дивидендтерді төлеу кезеңділігі жылына кем дегенде бір рет.

53. Артықшылық берілген акциялар акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді, яғни келесі жағдайлардан басқа:

1) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шешімін артықшылық берілген акцияларға ие акционердің құқықтарын шектей алатын сұрақты қарастырады. Осындай сұрақ бойынша тек орналастырылған артықшылық берілген акциялардың санынан кем дегенде үштен екісі (сатып алынғандарды алып тастағанда) дауыс берген жағдайда ғана шешім қабылданды деп саналады;

2) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы осы Заңға сәйкес қайта құрылмаған нарықта оларды қоғаммен сатып алу кезінде артықшылық берілген акцияларды анықтау әдістемесінде (әдістемені бекітуге егер ол құрылтайшы жиналастарында бекітілмеген болса) өзгерістерді бекіту туралы сұрақты қарастырады;

3) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды қайта құру немесе тарату туралы сұрақты қарастырады;

4) артықшылық берілген акциялар бойынша дивиденд оны төлеу үшін берілген мерзім өткен күннен бастап толық көлемде үш ай ішінде төленбеген.

54. Қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді шығару шарттары мен тәртіптері, орналастырылуы, акциялардың жүгінулері, сонымен бірге дивидендтерді төлеу акцияларды шығарудың бағыттамасымен бекітіледі.

55. Қоғам айырбасталатын құнды қағаздарды шығаруға құқылы.

56. Қосымша қаражатты тарту үшін қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

Облигацияларды шығару тәртібі мен шарттары, орналастырулар, облигациялардың жүгінулері, олар бойынша сыйақы төлемдері, облигацияларды төлеу и оларды сатудан түскен қаражатты пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасымен және облигацияларды шығарудың бағыттамасымен бекітіледі.

#### 14. Таза табысты бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер

Қоғамның таза табысы (бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) қоғамның қарауында қалады және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталған тәртіпте таратылады, оның ішінде дивидендтерді төлеуге. Қалған бөлік қоғамды дамытуға немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен қарастырылған басқа да мақсаттарға бағытталады.

Акционерлердің жалпы жиналысы жыл қорытындысы бойынша қарапайым акционерлердің дивидендтерін жөнсіз төлеу туралы шешім қабылдауға міндетті.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу қоғам органының шешіміне талап етпейді.

Қоғаммен сатып алынбаған немесе орналастырылмаған, сонымен бірге егер сотпен акционерлердің жалпы жиналысымен оны тарату туралы шешім қабылданған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

Қоғамның қарапайым және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеуге жол берілмейді:

1) жеке капиталдың теріс мөлшерінде немесе егер, жеке капиталдың мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болатын болса;

2) егер ол Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе, немесе аталған белгілер олардың акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса.

#### 15. Қоғамды қайта құру және тарату

Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да негіздемелер бойынша қайта құрылуы немесе таратылуы мүмкін.

Қоғамның қайта құрылу және таратылу тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да нормативті құқықтық актілерімен реттеледі.

#### 16. Қорытынды ережелер

Қоғам өзінің қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін жетекшілік етеді.

Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі оны құру күнінен басталады және оны тарату күні тоқтатылады. Қызмет саласында заңды тұлғаның құқық қабілеттілігіне қажеттілігі осындай рұқсат алған күннен бастап туындайды және оны қайтару, өзгерту және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен бекітілген шарттарға қарамсыз деп тану күнінен бастап туындайды.

«Жетісу Капитал» АҚ  
Басқарма төрағасы



Омашев Асет

Омашев А.

Утвержден  
Решением единственного  
акционера от 16.02.18

**УСТАВ**  
**АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА**  
**«ЖЕТЫСУ КАПИТАЛ»**

**Алматы, 2018 г.**

## **1. Общие положения**

1. Настоящий Устав акционерного общества «**Жетысу Капитал**» (далее - общество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанность, быть истцом и ответчиком в суде.

3. Общество имеет бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

4. Общество в своей деятельности руководствуется [Конституцией](#), [Гражданским кодексом](#), [Законом](#) Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее - Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

5. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.

6. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению общества на основании Положения о них.

## **2. Наименование и место нахождения исполнительного органа общества**

7. Полное наименование общества:

- 1) на государственном языке: «Жетісу Капитал» Акционерлік Қоғамы;
- 2) на русском языке: Акционерное Общество «Жетысу Капитал»
- 3) на английском языке: Joint Stock Company «Zhetysu Capital»

8. Сокращенное наименование общества:

- 1) на государственном языке: «Жетісу Капитал» АҚ
- 2) на русском языке: АО «Жетысу Капитал»
- 3) на английском языке: JSC «Zhetysu Capital»

9. Местонахождение исполнительного органа общества: Республика Казахстан, 050008, г. Алматы, пр. Абая, 115/96

## **3. Виды деятельности общества**

10. Основными видами деятельности общества являются:

- 1) инвестиционная деятельность;
- 2) маркетинговая деятельность, менеджмент, франчайзинг, управление активами хозяйствующих субъектов;
- 3) проектное финансирование;
